

*Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Базарова Ж.М.
ҚарУ 3-курс студенті Төлеутай Ж.С.
ЖББ 1 орта мектебі, Қазақстан*

ЕРІКТІ БОЛУ ЕРЛІК

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылды «Еріктілер жылы» деп жариялаған еді. Бұл жаңалықты естіген соң, өзіме түрлі сұрақтар қоя бастадым. Әрине, бұл еріктілерге жақсы ынталандыру, бірақ біз еріктілікті дұрыс түсінемізбе? Еріктілер деген кім? Еріктілік қазақтың қай дәстүріне ұқсас? Осы сұрақтарға жауап іздей бастадым.

Еріктілік дегеніміз – адамның өз еркімен ақысыз көмек көрсетуі. Көп елдерде еріктілік жұмыс қатарына қосылады, өйткені волонтер өзінің уақытын бөліп, білімін іске асыра отырып тегін жұмыс істейді. Еріктілікпен ұйымдар арқылы, ынталы топтар немесе жеке де айналысуға болады. Волонтерлік қызметтің аясы өте кең: әлеуметтік, спорттық, шаралық, экологиялық, медициналық және т.б. түрлері бар. Қазақстанда еріктіліктің қарқынды дамып жатқанына қарамастан, «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының 2018 жылғы зерттеулеріне сәйкес, жас азаматтардың 82,6 % еріктілікпен айналыспағандығы анықталған. Әр бесінші жас волонтерлік туралы ешқашан естімеген екен. Өйтсе де, жастар еріктіліктің тұлғалық қалыптасудағы рөлін түсіне бастағаны айқын. Бұған дәлел – 2017 жылы өткізілген Халықаралық ЭКСПО-2017 көрмесі мен Қысқы Универсиада ойындарында қызмет көрсеткен 8000-нан астам жастардың қамтылуы.

Сонымен қатар, еліміздің әр қаласында қарттар, жетімдер, әлеуметтік осал топ отбасылары, апат құрбандары және өзге де жәрдем қажет ететін қоғам мүшелеріне көмек көрсететін жастар ұйымдарының саны жыл сайын артып келеді. Әлеуметтік еріктілік – Қазақстан жастары арасындағы волонтерліктің өзекті бағытының бірі. Жақында қайғылы Арыс оқиғасынан зардап шеккендерге жас азаматтардың белсенді көмек көрсетуі олардың әлеуметтік жауапкершілігінің көрсеткіші болды. Алайда, көптеген жастардың ерікті болуына ұйымдар мен жобалар туралы ақпараттың аздығы кедергі келтіреді. Әлеуметтік волонтер болу үшін «Ұлттық еріктілер желісі», «Мейірімділер

клубы», «Мейірімді жүректер қаласы», «28 петель» және т.б. ұйымдармен байланысуға болады. Бұл бағытта адамның жасы, жынысы, білімі немесе қаржылық жағдайы маңызды емес. Ең бастысы – ниет пен қолдан келетін іспен көмектесу [1;1].

Қайырымдылық қасиеті қазақ халқының болмысының ажырағысыз құрамдас бөлігі болса керек. Мысалы, бұрын ауыл-аймақта көрші-қолаң жиналып, мұқтаж жанға қолдарынан келгенше көмек көрсетіп, асар ұйымдастырған. Сондықтан да бүгінгі еріктілер дәстүр сабақтастығының бір көрінісі деп білемін.

Қазақ халқында үлкен кісіге, ақ сақалды қарияларға, ата мен анаға иіліп сәлем етіп, есік ашу, кебісін кигізу, жол беру, атқа отырғызу әдептері қанымызға сіңген ізгі, ізетті қасиеттер. Соның ішіндегі ең бір риясыз қызметтің түрі – асарлату дәстүрі. Халқымыздың этнографиялық терең танымындағы «Асар» дәстүрінің бүгінгі заманауи көрінісі еріктілік деп түсінуге болады.

Төл әдебиетіміздегі тұңғыш роман-эпопея «Абай жолында» ХІХ ғасырдың ІІ жартысындағы қазақ халқының өмірі, тіршілігі, тарихы, әдет-ғұрпы жан-жақты суреттеледі. Романның «Қияда» атты тарауында дана Абай жерінен айырылған, малынан ажыраған, жұтқа ұшыраған аш-арық халыққа жанашырлық, қайырымды әрекеттері баяндалады. «Ағайынға қайырым етіңдер» деген ұранды халыққа насихаттаған Абайға бүріскен мал мен жүдеген жандар үлкен ой салған еді. Жұт деген жоқшылық, қысталаң, апат деген осындай боп-қақ қасына келгенде, Абай ел тірлігінің барлық қайғылы сорын көрді. Малдары мен жандарының амандығы үшін ақынға алғыстарын жаудырған ел қариялары енді біржолата жұттан құтылғандай көтеріліп қалғаны бар. Ұлы Абайдың өзі риясыз, ерікті түрде қоянның кеуегіндей оптың ішін паналаған жандарға жаны ашып, қазақ тарихының бедеріндегі еріктілердің ата дәстүрінің үлгісі ретінде көрінеді.

Тарихқа көз жүгіртсек, әлем ойшылдары үнемі сұлулық, береке, қайырымдылық сынды түсініктердің мәнін ұғынуға ұмтылды, кейінірек мұның бәрі «құндылық» ұғымына біріктірілді.

Әлем ойшылы әл-Фарабидің философиялық тұжырымдарында да қайырымды адамдардың қоғамы талданады. Еріктілердің қайырымдылық, өзара көмек қолын созу сынды қасиеттері философиялық тұрғыда түсіндіріледі. «Ерік пен еркін таңдау арасындағы айырмашылық туралы» түсініктерді келтіреді. Мұнда: «Пайымдалатын нәрсеге талпыну дегеніміз, тұтас алғанда, ерікке еркіндік беру деген сөз. Түйсіктен немесе қиялдан туатын болса, онда бұл еркін ерік көрінісі деп бағаланады. Ал егер бұл толғанудан немесе пайымдаудан туатын болса, онда мұны нақ адамға тән, еркін таңдау деген жалпылама терминмен атайды. Бақытқа жетуге көмектесетін еркін әрекет – тамаша әрекет. Мұны туғызатын әдет-ғұрып – қайырымдылық. Әл-Фараби бабамыз қайырымдылық оның өзі белгіленген, бірақ бақытқа жету мақсатынан туған жақсылық» дегені айтылады [2;2].

Ерікті болу-ерлікпен тең. Еріктілік күннен күнге трендке айналып келе жатқандай. Мұқтаж жандарға көмек беріп, орнына ештеңе талап етпейтін жандар күннен күнге көбейіп жатыр. Еріктілік – жастардың белсенділігін көрсетіп қана қоймай, адамдарға көмек беріп, тәжірибе жинауға, өмірлік маңызды дағдыларды дамытып, әлемді жаңа қырынан тануға мүмкіндік. Сондықтан, уақытты еріктілікке жұмсау өзінің дамуына құйылған инвестиция екені сөзсіз қазақ тілінде «ерікті» деген сөзге синоним болатын, балама ретінде «асар» сөзін айтуға болады. Асар қазақтардың ежелден келе жатқан дәстүрі. Сондықтан «ерікті» сөзін кейін пайда болған немесе жаңа заманның термині деп қабылдаудың қажеті жоқ. Себебі, қазақ халқында бұл сөздің түбірі баяғыдан бар.

Пайдаланған дереккөздер:

1. <https://baq.kz/articles/eriktiler-zhylyna-dayynbyz-ba/>(мақала:Еріктілер жылына дайынбыз ба?).
2. <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=56122> (мақала: Ерікті болу-ізгіліктің белгісі авторы: Ақнұр Оралова).